

Облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары индекстерінің атауларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 924 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 18 мамырда № 4982 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 306 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 20.01.2016 № 306 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары индекстерінің атаулары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Н. Әлібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрлігі

Автомобиль жолдары комитетінің

төрағасы

_____ М. Пішембаев

"23" сәуір 2015 жыл

Қызылорда облысы әкімдігінің
2015 жылғы "17" сәуір №924
қаулысына қосымша

Облыстық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары индекстерінің атаулары

№	Автожолдардың индексі	Жолдардың атауы	Ұзындығы, км
		Қармақшы ауданы	

1	KN-1	Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш (0-42 км)	42
		Жалағаш ауданы	
2	KN-2	Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш (42-74 км)	32
		Сырдария ауданы	
3	KN-3	Самара-Шымкент-Тереңөзек (0-18 км)	18
		Шиелі ауданы	
4	KN-4	Самара-Шымкент-Түгіскен-Байкенже-Шиелі (112,2-152,2 км)	40
5	KN-5	Самара-Шымкент-Жеміс-Жидек-Бестам-Шиелі(0-25 км)	25
		Жаңақорған ауданы	
6	KN-6	Самара-Шымкент-Жаңақорған (0-6 км)	6
7	KN-7	Самара-Шымкент-Түгіскен-Байкенже-Шиелі (0-112,2 км)	112,2
		Барлығы	275,2

Аббревиатураның толық атауы: км - километр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК